



Аудың астынан «су» шықты

8-бет



Оқушы қазасына кім кінәлі?

10-бет



Қармақ емес, қамыс сал

14-бет

EGEMEN QAZAQSTAN

30 ҚАҢТАР 2024 ЖЫЛ, СЕЙСЕНБІ №20 (30749)

Мемлекетшілдік мінбері

www.egemen.kz E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ TWITTER.COM/EGEMENKZ

ЕЛДІК МІНБЕРІ

Наурыз – елдік дәстүр негізі



Суретті түсірген Ерлан ОМІР, «ЕГ»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатында: «Наурыз – жанару мен жаңғырудың символы. Сондықтан төл мерекеміздің мазмұнын байытып, оны барынша ерекшелен, жаңаша атап өтуіміз керек. Бұл қадам қоғамды ұйыстырып, ұлттық бірегейлігімізді айшықтап, ел бірлігін нығайта түсуге ықпал етеді деп сенемін», деп айтқан еді.

Осы орайда қоғамды тұтастандырудың салмақты өзегі, ұлттық бірлік пен татулықтың айрықша арқауы – Наурыз мейрамын жаңаша сипатта атап өтудің жолын кеңесу мақсатында білікті мамандарды шақырдық.

«Қазақ газеттері» серіктестігінің бас директоры Дихан Қамзабекұлы модераторлық еткен бұл жиынға этнолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор Жамбыл Артықбаев, Парламент Мәжілісінің депутаты, «Аманат» партиясы фракция жетекшісінің орынбасары Жұлдыз Сүлеймен, наурызтанушы Серік Ерғали, Астана қаласы өзбек этномәдени орталығының төрағасы, Ұлттық құрылтай мүшесі Шерзод Пулатов, Р. Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымының көркемдік жетекшісі

Ерлан Рысқали, «Халық қазынасы» ұлттық өнер орталығының жетекшісі Жасұлан Наурызбайұлы қатысып, ой-пікірлерін ортаға салды.

Басқосуда мына мәселелер көтерілді: Наурызды қазіргі заман форматына сай қоғамның тұтастығы мен бірлігіне қызмет ететіндей ұйымдастырудың жолы қандай? Наурыз мейрамының мазмұнын салт-дәстүрді, елдік, этностық құндылықтарды насихаттаумен бірге немен толықтыруға болады? Наурызға қатысты өңірлік ерекшеліктерді біріздендіру, нормалау туралы пікіріңіз. Наурыз мейрамын еліміздегі түрлі этнос өкілдерінің ынтымағына, берекесіне айналдырудың тетігі. Наурыздың мазмұны – «татулық мейрамы», осы үрдісті елдік дәстүр деңгейіне көтерудің маңызы. Кеңестік идеологияның Наурыз мейрамын шектеуінің астарында дербестік, демократиялық негізді көргені байқалады, ендеше бүгінгі санадағы түрлі қиындықты сауықтыруға, саламаттандыруға Наурыз құндылықтарын пайдаланудың жолы қайсы?

(Соңы 6-7-беттерде)

Нұрлан ӘБДІРОВ: Мақсат – азаматтардың еркін таңдауына жағдай туғызу

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылы VIII шақырымдағы Парламенттің I-сессиясының ашылуында сөйлеген сөзінде: «Біз Отанымызды өркендету жолында зор бетбұрыс жасап, жаңа дәуірге қадам бастық. Бірақ өзгерістер мұнымен бітпейді. Бұл – ұзақ жолдың басы ғана. Реформалар жалғаса береді, саяси құрылымды жетілдіру қажет. Бұл – аса маңызды жұмыс», деген болатын. Осы орайда еліміздің сайлау органдарына да жүктеліп отырған міндет зор екенін ескере отырып, Орталық сайлау комиссиясының төрағасы, заң ғылымдарының докторы Нұрлан ӘБДІРОВКЕ бірнеше сауал қойған едік.

– Нұрлан Мәжитұлы, қай сайлаудың болсын әділ өтуі жергілікті сайлау комиссияларына байланысты. Олардың бұрынғы құрамын жаңарту мәселесі қалай шешіліп жатыр?

– Сайлау комиссияларының қатарында міндетті түрде білімді, тәжірибелі, өз қызметін адал атқаратын азаматтар болуы өте қажет. Олардың құрамы жаңартылып тұрғаны да маңызды. Бұл талапты мәслихаттарға сайлау комиссияларының мүшелерін ұсынатын саяси партиялар да, тиісті шешімдерді

қабылдайтын мәслихаттар да ескеруге тиіс. Былтыр өткен мәслихаттардың сессияларында өкілеттігі аяқталған сайлау комиссияларының бәрінің құрамы жаңартылды. Соның ішінде учаскелік сайлау комиссияларының 12 344 мүшесі жаңа адамдармен ауыстырылды. Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың 20 аумақтық сайлау комиссиясының құрамы 28 пайызға, аудандық, қалалық сайлау комиссияларының құрамы 31 пайызға жаңартылды.

(Соңы 3-бетте)

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ 1999 жылғы 4 маусымдағы Өнертабыстарды құқықтық қорғау саласында мемлекетаралық құпиялардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімнің қолданысын тоқтату туралы хаттаманы ратификациялау туралы

1999 жылғы 4 маусымдағы Өнертабыстарды құқықтық қорғау саласында мемлекетаралық құпиялардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімнің қолданысын тоқтату туралы 2021 жылғы 4 наурызда жасалған хаттама ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті К.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 29 қаңтар № 55-VIII ҚРЗ

КӘСІП – НӘСІП

Іздене білгеннің ісі де өнімді

Кәсіптің көзін табу үшін алдымен адамда ынта болуы шарт. Әйтпесе, ісіңізге береке ұяламайды. Мәселен, Жетісуда бірі кір сабын өндіретін, бірі сүт өңдейтін қос цех ашылды. Бұған мұрындық болған – қарапайым ауыл тұрғындары. Қос өндіріс орнының иелері бала күнгі арманын жеке кәсіппен ұштастырған. Мемлекеттің қолдауы нәтижесінде екеуі бүгінде ісін дөңгелетіп отыр.

Мұхтар КҮМІСБЕК, «Egemen Qazaqstan»

Кір сабын болғанда, қазақтың байырғы дала тәртібі бойынша қайнатылған сабыны. Табиғи өнім – Баширбаевтар әулетінің ортақ отбасылық бизнесі. Шағын өндірісте әзірге аптасына 100 кг сабын шығарылады. Болашақта кәсіп иесі бұл бастаманы үлкен өндіріс орнына айналдыруға ниетті. Қызығы сол, кәсіпкер Рахат Баширбаевтың анасы Бақыт Танекеева мен нағашы әпкесі Назерке Танекеева жастайынан аналарының қара сабынды қалай қайнататынын көріп өскен. Кейін



сол рецепт бойынша апалы-сіңлі үй жағдайында қара сабын қайнатып, сата бастаған. Мұны көрген Рахат «Ауыл аманаты»

бағдарламасының мүмкіндігін пайдаланып, жаңа істі қолға алады.

(Соңы 5-бетте)

КӨКЕЙКЕСТІ

Шопан жоқ, шикілік неде?

Мал шаруашылығымен айналысып жүрген таныс жігіттің қала маңынан бордақылау алаңын тұрғызығанын білемін. Ала жаздай 150 бас ірі қараға есептелген қора салды. Күзде малшы отбасы іздеп, әуірімдеп тапқаны бар. Елден келген тай-жабағысы аралас 100-ден аса малдың жайын білетін адам керек екені белгілі. Оның өзі бордақыға тұрған мал болса, күнделікті жемшөбін айырмайтын, жылқы жайын білетін малшы ұстау, таныстың арманы болған.

Ержан ҚОЖАС, «Egemen Qazaqstan»

Жалған намыстың жетегі

Қош, солай табылған малшы жігіт отбасымен көшіп келді. Жап-жаңа 4 бөлмелі баспанаға жайғасты. Құла тұз емес, қала маңы, жан-жағында ел бар. Оның үстіне бордақыға қарайтын жігіттің отбасының жағдайы түгел жасалды. Үйге интернет пен цифрлы теледидар кіргізілді. Газ бен суын тартып, айлық азық-түлігін алып беріп жүрді.

Ендігісі – тиянақты тірлік. Қорада қамаулы жылқыға жемшөбін салып, құбырдан келіп тұрған суды науаға сарылдатып құю – малшы жігіттің жұмысы. Мұнда күн ұзақ жылқыны өрістетуге жоқ.



Неге екені белгісіз, аяқ асты жылқышы жігіт «өзге жұмыс табамын» деген сылтаумен бір күнде еліне кері қайтыпты. Мал иесі маған қоңыраулатады сол күні.

– Ел арасына шығып жүрсің ғой, малшы керек, айта жүрерсің, – дейді ғой баяғы. Малшысының бұл әрекетінен хабарсыз мен кері сұрақ қойдым.

– Ау, өткендегі жігіттің тым жақсы еді ғой. Отбасымен көшіп келіп орныққаны қайда?

(Соңы 4-бетте)